

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**PROCEEDINGS
of the XX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**2025
Астана**

УДК 001(06)
ББК 72я631
F96

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная
научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for
students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)
ББК 72я431
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

		мұсылмандары және Екінші дүниежүзілік соғыс	
1260.	Новикова А. Г.	«Боевая деятельность партизан-казахстанцев Освейской партизанской бригады им. М.В. Фрунзе Витебской области БССР (1942-1944 гг.)»	5398
1261.	Тұрғынбай Е. М.	Тектінің тұяғы (майдангер Әлім Алмат хақында)	5401
1262.	Тайтолеуов А. Б.	Герой Советского Союза из Семипалатинской области	5405
1263.	Шуберт А. А.	Боевой путь Кучеренко Николая Петровича: от Акмолинска до Тулы	5408

СЕКЦИЯ 9
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР
ЖУРНАЛИСТИКА И СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ

9.1- секция
ПОСТСЕКУЛЯРЛЫҚ ӘЛЕМДЕГІ ДІН: ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР,
ШЕКАРАЛАР ЖӘНЕ СЫН-ҚАТЕРЛЕР
РЕЛИГИЯ В ПОСТСЕКУЛЯРНОМ ОБЩЕСТВЕ: ВЫЗОВЫ, ГРАНИЦЫ,
НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ

1264.	Абайқызы Ақтоты	Эрих Фроммның дін психологиясы	5560
1265.	Алибек Алия Бауыржанқызы	Қазақстанның әлеуметтік желілеріндегі психологиялық және рухани емшіліктің қалыптасуы	5564
1266.	Албагачиева Луиза Багаудиновна	Неоязычество в современном обществе: формы, виды возрождения	5568
1267.	Аманжолов Ансар Жанатулы	Проявление образа иисуса христа в маркетинге и интернет-юморе (мем-культуре)	5572
1268.	Әкімбай Айымжан Құдайбергенқызы	Діни ритуалдардың қоғамдағы рөлі	5576
1269.	Бейсенбай Райхан Жарқынбекқызы	Қазақстандағы мұсылман қыздары: қоғамдық пікір және құқықтық мәртебе	5579
1270.	Бидолда Жайқал Болатбекқызы	Оңалту және дерадикализация жұмыстарының халықаралық тәжірибелеріне шолу	5583
1271.	Демесінов Асылжан Алдамбергенұлы	Сенуші адамдарға психологиялық кеңес берудің ерекшеліктері	5588
1272.	Жубанышева Ардақ Талғатқызы	Жеке тұлғаның радикалдану процесін анықтау критерийлері	5593

1273.	Жусупов Санжар Муратулы	Религиозные онлайн-проповеди и психология убеждения: основные методы воздействия	5596
1274.	Ибадуллаева Ақниет Абдуалиқызы	Қасиетті құпиялардың теологиялық психологиялық аспектілері	5599
1275.	Ізбасқан Айдана Арапбайқызы	Діни бірегейлік және жаһандану	5603
1276.	Иманханов Азамат Иманханұлы	Исследование взаимосвязи религиозности и свойств темперамента личности: на основе методики пятифакторного анализа	5607
1277.	Қаржауова Майра Бауыржанқызы	Радикалды діни ағымдардың теориялық-әдіснамалық негіздері	5612
1278.	Орынтай Ади Оразбайұлы	Аспекты деструктивных культов в компьютерной игре «Cult of the lamb»	5616
1279.	Рамазан Інжу Болатқызы	Ислам шариғатындағы тұлға концепциясы: құран негіздері мен ғылыми тұжырымдар	5620
1280.	Самен Көркем Болатқызы	Цифрлық дәуірдегі діни құндылықтардың трансформациясы	5624
1281.	Шайзада Ақерке Асхатқызы	Гендерлік зерттеулердің дінтану саласындағы рөлі: қазақ қоғамындағы руханилықтың трансформациясы	5629

9.2 - секция

ҚОҒАМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ: ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ ОБЩЕСТВО И КУЛЬТУРА: ФИЛОСОФСКИЙ И КУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

1282.	Абдиканова Дарина Куанышевна	Симулякр как продуктивная сила: Делёзовская критика платонизма	5632
1283.	Абитай Бейбарыс Рахымжанұлы	XX ғасырдағы қазақ ойшылдарының рухани жаңғыру мен еркіндікке қатысты философиялық ұстанымдары	5635
1284.	Алимхан Айбота Маратқызы Нукешова Диана Талгатқызы	Балаларға арналған философия:цифрландырылған заманда	5640
1285.	Атымтай Даяна Нурланқызы	Гётенің поэзиясындағы сопылық мотивтер: исламдық мистиканың батыс ойына ықпалы	5645

1286.	Байгулина Амина Акановна	Қазақ ғылымы: Қ.Сәтпаев пен Е.Бөкетов	5649
1287.	Бекботаев Сырлыбек Қуатбекұлы	«Қара жер»: таңба мен қазба жад	5653
1288.	Жақсылық Ботағоз Жарылқасынқызы	Мұзарап Жүсіпұлының күйшілік өнері және қазақ мәдениетіндегі орны	5658
1289.	Жанатқызы Ұлпан	Стоицизмнің қазіргі заманғы адамға пайдасы бар ма?!	5561
1290.	Жаркенов Ұлан Берікұлы	Қазақ философиясындағы мақал-мәтелдің орны	5664
1291.	Жолдасбаева Ақнұр Райымдекқызы	Конфуцийшілдіктегі адам, қоғам және табиғат арасындағы қарым-қатынастарды үйлестіру мәселесі туралы	5667
1292.	Зулхарова Асел	Өнер философиясындағы рухани ізденістер	5670
1293.	Калиева Айя Айбекқызы	«Страх» в философии Сёрена Кьеркегора	5673
1294.	Каменов Бекзат Расулович	Қазақ дүниетанымына тәңіріліктен енген түсініктер	5677
1295.	Капаева Аида	Қазақстандағы театр өнері дамуының кейбір тенденциялары	5681
1296.	Капсеметова Назира Канатовна	Қазақ философиясындағы адам және рухани құндылықтар	5684
1297.	Керімбай Әлихан Санжарұлы	Қоғам және философия: философиялық идеялардың қоғам дамуына ықпалы	5687
1298.	Кунтупова Аяулым Маратқызы	Қоғам және мәдениет: қазіргі қоғамның жастардың рухани құндылығымен байланысты кейбір мәселелеріне философиялық және мәдени талдау	5690
1299.	Қали Тоғжан Қахарманқызы	Эстраданың бұқаралық мәдениеттің феномені ретінде қоғамға әсері	5694
1300.	Қанапина Арайлым Жанғалықызы	Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының рухани мұрасы	5697
1301.	Құрас Бақытгүл Қанатқызы	Сұлулық ұғымының тарихи эволюциясы	5699
1302.	Рахимғалиева Айзат Ерболатқызы	Жасанды интеллект және мораль	5702
1303.	Серік Айгерім Азаматқызы	Шәкәрімнің адамның өмірлік бағдарларының мәні туралы экзистенциалды ой толғауы	5705
1304.	Тілеуғабыл Назерке Ерболатқызы	Жоғары білім саласындағы экзистенциалдық дағдарыстарды еңсерудегі философияның ықпалы	5709
1305.	Шәді Қарақат Қайратқызы	Суфизмдегі әйелдер тарихы: раба аль-адавияның мұрасы және оның ізбасарлары	5714

9.3 – секция

ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ: ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ СОВРЕМЕННОЕ ОБЩЕСТВО: СОЦИОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

1306.	Мамежан Гүлназ Асылзадақызы	Теоретико - методологические основы исследования бренда в семейном бизнесе	5718
1307.	Серікбай Дархан Шымкентбайұлы	Оңтүстік Қазақстан имиджі: тарихи, мәдени және экономикалық аспектілер	5721
1308.	Дүйсенбек Алмаз Асқарұлы Өмірзақ Ақнұр Бауыржанқызы	Әлеуметтік желілердің ойлау қабілеті мен сөйлеу тіліне әсері	5725
1309.	Орынбаева Аруна Маратовна	Диффузия западной культуры в молодежную среду	5730
1310.	Меделханқызы Ақзада	Донорлық әлеуметтік құбылысы: даму шарттары және факторлары	5734
1311.	Мазненко Валерия Максимовна	Отношение современной молодёжи к эзотерическим практикам	5736
1312.	Кукешева Алтынай Ермекбаевна	Восприятие обучающимися онлайн обучения (по результатам онлайн опроса)	5741
1313.	Кожаметова Аружан Азаматовна	Финансовая грамотность студентов Казахстана	5744
1314.	Казиханова Зура Ерлановна	Социальные ценности современной казахстанской молодежи	5748
1315.	Уразбаева Асия Аманжолқызы	Социальная проблема как поле конфликта: кейс закона о семейном насилии в РК	5752
1316.	Төребек Нұргүл Маратқызы	Әлеуметтік желілердің қазіргі қоғамдағы студент жастардың бірегейлігін қалыптастыруға әсері	5756
1317.	Раушанбекова Майра Талгатқызы	Жоғары білімді мамандардың эмиграциясы: қазақстандағы «ми ағыны» және оның әлеуметтік салдары	5760
1318.	Нұртай Гүлсайран	Қазақ тілінің цифрлық кеңістіктегі орны: әлеуметтанулық сауалнама нәтижелері	5764
1319.	Лесов Наурызбек Әспенұлы	Мектеп жасына дейінгі балаға арналған қазақстандық медиакеңістік: әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері	5768
1320.	Көміртай Аружан Ержанқызы	Отбасын жоспарлау контекстіндегі әйелдердің әлеуметтік бірегейлігі: репродуктивті тәжірибенің әйелдің қоғамдағы рөліне ықпалы	5772

1321.	Кенжетай Шолпан Үсенқызы	Халықаралық фриланс тәжірибесі: тенденциялар және онлайн мамандықтар	5776
1322.	Галымжанова Аружан Бауржанқызы	Қазақстандағы паралимпиадалық спортты дамытудың әлеуметтік детерминанттары	5779
1323.	Карим Аулиехан Казбекулы	Религиозная идентичность и цифровая модернизация: институциональные аспекты	5782
1324.	Алиев Марат Мухтарович	Memory studies как исследовательская парадигма в изучении памяти и мнемонических конфликтов	5785
1325.	Балықбаева Ардақ Шәкірқызы	ҚР моно қалаларының демографиялық даму болжамы	5788
1326.	Өтеғали Дулат Болатұлы	Платформалық жұмыспен қамтудың әлеуметтанулық мәселелері	5792
1327.	Иманқұл Ақнұр Бексұлтанқызы	Отбасы-неке қарым-қатынастарына жаңа ұстаным: білім деңгейіндегі және отбасындағы міндеттерді бөлудегі гендерлік теңсіздік призмасында талдау	5795
1328.	Душманов Даниэль Тулегенович	Цифровые сообщества и женщины- тестировщики: гендер и идентичность	5798
1329.	Дінмұхаммед Дильназ	Репродуктивті мінез-құлық: саяси және мәдени конструкциясы	5802
1330.	Акатаев Азамат Абылович	Пространственная статистика в прогнозировании электорального поведения населения на основе данных GPS	5806

9.4 – СЕКЦИЯ

XXI ҒАСЫРДАҒЫ ЖАСТАР ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ МОЛОДЕЖЬ И ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА В XXI ВЕКЕ

1331.	Адильхан Адина Нұртайқызы Алдашева Амира Маратовна	Роль скуки в личностном росте: как скуку можно перенаправить от аддикций к самоактуализации	5809
1332.	Аланбаев Алан Болатұлы Жантемирова Аяулым Еркиновна	Мультитаскинг в цифровой среде: информационная перегрузка и когнитивное истощение	5814
1333.	Болатбекқызы Төреқыз	К-поп жанкүйерлерінің психологиясы: әлемдік феноменнің жастар санасына әсері	5816
1334.	Дуйсембаева Сабина Жаслановна	Телефон қолдану уақыты мен стресс деңгейінің өзара байланысы	5819
1335.	Егимбаева Айнагуль Сериккалиевна	Исследование особенностей совладающего поведения родителей имеющих детей с особыми образовательными потребностями	5822
1336.	Ертукешова Гулия	Психологиялық әл-ауқат ұғымының мәні	5828
1337.	Жақсығұлова Зухра	Білім алушылардың аутоагрессивті	5832

	Бірлікқызы	мінез-құлқын зерттеудің теориялық - әдіснамалық негіздері	
1338.	Жоламан Диана Болатқызы Қадырыса Айшабибі Рахметқызы	Жеткіншектерде кездесетін агрессивті мінез-құлық пен қатыгездіктің психологиялық себептері	5836
1339.	Каримова Еркежан Сайлауқызы	Социально- психологическая адаптация молодежи – выпускников из детских учреждений	5840
1340.	Кунаков Ануар Серикович	Молодые мигранты: травма, разлука и психологическое здоровье	5843
1341.	Қожахметова Динара Тлеужанқызы	Тәуелділікті емдеудің 12 қадамдық оңалту бағдарламасы	5848
1342.	Қонысбай Фатима Ерболқызы	Когнитивті психология және тіл	5853
1343.	Абилбеков Акниет Нурболатович	Кванттық психология: сананың кванттық механика тұрғысынан зерттелуі	5857
1344.	Серікқызы Мөлдір Туякова Улбосын Жүсіповна	Білім беру жүйесінде сараптамалық қызметті жүзеге асыру	5861
1345.	Шакеева Алима Бериковна	Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды саласына әлеуметтік медиа ықпалы	5863
1346.	Масуадин Мөлдір	Психология мамандығында оқитын және басқа мамандықтағы студенттердің инфантильділік деңгейін зерттеу	5866
1347.	Мұқашева Ардагүл Болатбекқызы	Цифрлық дәуірдегі психологиялық сауаттылық және оның студенттердің эмоционалды тұрақтылығын дамытуға әсері	5870
1348.	Мырзақасым Айзада Есілбекқызы	Жеткіншектердегі суицидтік мінез-құлықтың алдын алу бойынша шетелдік тәжірибелерге шолу	5873
1349.	Нусупкүл Әнел Куатбекқызы	Жеткіншектердегі мазасыздықтың ерекшеліктері	5876
1350.	Нұршабек Панар Азаматқызы	«Ер Төстіктегі» архетиптік кейіпкерлер: юнгтың теориясы тұрғысынан талдау	5879
1351.	Рустамханова Тахмина Сухрабовна	Болашақ психологтардың оқу іс-әрекетіндегі үлгерімі мен эмоционалды интеллект арасындағы байланыс	5884
1352.	Сарина Амина Саидовна	Тіл және нейропсихология	5887
1353.	Шайманов Даулет Ерганатович	Связь между личностными характеристиками и приверженностью в религии ислам	5892
1354.	Секербаева Зарина Тимуровна	Психологические аспекты отношения и вовлеченности казахстанской молодежи в видеоигры	5896
1355.	Смагулова Нұрай Ануарқызы	Перфекционизмнің аутоиммунды аурулармен байланысы	5901
1356.	Тигран Ислана	«How childhood trauma affects us as	5904

		adults»	
1357.	Сулейменова Гульжазира Тажмагамбетовна Абдракышова Акерке Оралбаевна	Аутистік спектрдің бұзылыстары бар балаларды психологиялық қолдау	5908
1358.	Тасжурекова Нурсая Ерлановна	Эмоционалдық күйдің шығармашылыққа әсері	5912
1359.	Боранбаева Жансая	«Отбасы» ұғымының ғылыми әдебиеттерде зерттелуі	5914
1360.	Юсупова Гузель Сериковна	Применение медитации в психотерапевтической практике психологов и психосоматологов	5918
1361.	Керимкулова Жансая	Влияние детско-родительских отношений на расстройство пищевого поведения	5923
1362.	Сулейменова Гульжазира Тажмагамбетовна Абияким Ақбота Ақылбайқызы	Аутистік спектрдің бұзылыстары бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарды психологиялық сүйемелдеу	5926
1363.	Тухашев Муслим Яхьяевич	Взаимосвязь уровня самодисциплины и удовлетворённости жизнью у студентов	5930
1364.	Ахмет Бота Базарбайқызы	Жасөспірім және өмірдің мәні	5935
1365.	Жолдықараева Алтынай Қанатқызы	Отбасылық тәрбие стилінің жеткіншектердің өз-өзіне сенімді болуына ықпалы	5938

9.5-секция. Заманауи әлеуметтік саясат пен әлеуметтік жұмыс
Современная социальная политика и социальная работа

1366.	Имангалиева Жанель Сержановна	Вызовы и проблемы в работе социальных работников во время чрезвычайных ситуаций	5942
1367.	Седунова Кристина Владимировна	Социально-психологическая адаптация выпускников детских домов	5945
1368.	Михайлова Дарья Анатольевна	Образ профессии «социальная работа» в средствах массовой информации Республики Казахстан	5949
1369.	Жусупова Дильназ Дулатовна	Мотивация профессиональной деятельности и уровень притязаний будущих социальных работников	5953
1370.	Аманкельды Чингиз Аскарұлы	Профессиональная пригодность и приспособляемость к профессии «Социальная работа»	5955
1371.	Сейтжанов Сабыржан Жарылкаганович	Перспективы, риски и возможности миграции в условиях города (на примере г.Астана)	5958

1372.	Аубакирова Аягоз Каиртаевна Адилбекова Толкын Алиевна	Социальная работа и цели устойчивого развития: литературный обзор	5961
1373.	Абдрахманова Сыргагул	Права на образование детей с нарушением слуха в Казахстане	5966
1374.	Болатова Ұлжан Мырзағалиқызы	Қазақстандағы ақпараттық қауіпсіздік және медиасауаттылық; БАҚ рөлі мен әлеуметтік саясат механизмдері	5970
1375.	Семенова Юлия Евгеньевна	Роль социальных работников в профилактике суицидального риска в медиа пространстве	5973
1376.	Сейтхан Гүлзат Жаңабайқызы	Әлеуметтік жұмыскер медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымындағы мультидисциплинарлы топтың негізгі қатысушысы	5976
1377.	Саңғылбаева Ботагөз Ермекқызы	Жаңа туылған нәрестелерден бас тартқан әйелдердің мотивациясы мен әлеуметтік жағдайлары: перзентханадағы кейстерді талдау	5980
1378.	Дуйсенбаева Толқын Нурдиллақызы	Әлеуметтік жұмыстың тәжірибесінде арт-терапияны қолдану мүмкіндіктері	5985
1379.	Нұранова Данагүл Жандарбекқызы	Жетім балалармен және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жұмыс істеудегі кейс-менеджмент	5988
1380.	Олжабай Аружан Қалдыбекқызы	Спорт мүгедектігі бар адамдардың өмірлік сценарийін өзгерту факторы ретінде	5992
1381.	Бейбітова Ләззат Арманқызы	Әлеуметтік қызметкерлердің қазақстандағы инклюзивті туризмді дамытудағы рөлі	5996
1382.	Сегізбаева Жанерке Маханбетқызы	Девиантты-мінез құлықты жасөспірімдермен әлеуметтік жұмыс	5999
1383.	Шекербек Айжан Сәбитқызы	Ядролық сынақтардан зардап шеккендерді әлеуметтік қорғау	6002
1384.	Алибекова Жанат Асылбекқызы	Көру қабілеті бұзылған балаларға әлеуметтік қолдау көрсету	6008
1385.	Аманбай Еркежан Әлібекқызы	Әлеуметтік жетімдікті еңсерудегі қабылдаушы ата-аналар мектебінің үлесі	6011

1386.	Ибрагим Аяулым Ерболқызы	Егде жастағы адамдарға күтім жасаудың кешенді тәсілі	6014
1387.	Ерғалиева Аяулым Ғалымжанқызы	Еріктілік – әлеуметтік жұмыстың ажырамас бөлігі	6017
1388.	Қыстаубай Карима Қуанышбекқызы	Адаптация студентов первого курса к обучению в вузе	6024
1389.	Исаева Мерей Сеилбековна	Социальное предпринимательство: от бизнеса к общественной трансформации на пути к устойчивому будущему	6029

9.6-секция

ЦИФРЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС: ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН БІЛІМ БЕРУ АСПЕКТІЛЕРІ ЦИФРОВАЯ ЖУРНАЛИСТИКА И СВЯЗИ С ОБЩЕСТВЕННОСТЬЮ: СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ

1390.	Талапқанұлы Ераман	Спорт журналистерін даярлау: 2019–2024 жылдардағы медиа-зерттеулер және халықаралық тәжірибе	6033
1391.	Кайрат М. К.	Эволюция социальной рекламы в Казахстане: от плакатов к digital-форматам	6038
1392.	Орынбасар С.А.	Жасанды интеллект заманындағы digital - коммуникациялар	6042
1393.	Мурзағалиева А.Е.	Сегментация аудитории с помощью искусственного интеллекта	6048
1394.	Мағзумова Ж. Н.	PR саласындағы жасанды интеллект	6053
1395.	Салимжан Д.Ж.	Кризисный digitalpr: как справиться с негативом в интернете	6057
1396.	Тұяқбай Ақнұр Айболқызы	PR-дың қазақ поэзиясының дамуына ықпалы	6062
1397.	Алиева А. Д. Рустемова М. М.	Жасанды интеллект және PR-дағы цифрлық технологиялар	6066
1398.	Дауитхан Көгершин	Әйел спортшыларына қатысты медиа репрезентациялар: гендерлік аспект	6069
1399.	Ерланова Еркежан Ерлановна	Tiktok және Instagram платформаларындағы спорттық контенттің ықпалы	6072

1400.	Иүсіп Нәрсә	Спорт журналисінің бейнесі: кәсіби дағдылар мен жаңа талаптар	6074
1401.	Кабылбекова Аяна Канатовна	Қазақ киносының имиджін қалыптастырудағы PR-дың рөлі	6076
1402.	Құдайберген Аяулым Мирханқызы	Қазақ театрын жандырудың PR стратегиялары: жаңа медиа құралдарының рөлі	6079
1403.	Құрманжан Айгер	Халықаралық спорт жарыстары және қазақтілді бақ-тың қатысуы	6081
1404.	Отынбай Аружан Абайқызы Куанышева Диамара Куанышевна	Спорттық шараларды әлемдік деңгейде ұйымдастырудағы PR-дың рөлі	6085
1405.	Халым Күзеухан	Әлеуметтік желілердегі спорт журналистикасы: артықшылықтары мен кемшіліктері	6090
1406.	Хуандаг Алемнур	Футбол матчтарының репортажы: журналистік шеберлік пен этика	6092

9.7-секция

Журналистиканың дамуы: дәстүр мен трансформация Развитие журналистики: традиции и трансформация

1407.	Тургазыева Дильназ Медетовна	Қазақстан телеарналарындағы сараптамалық бағдарламалардың жаһандық кезеңдегі даму тенденциясы	6097
1408.	Амантай Жұлдыз Ағыбайқызы	Әйел журналистердің қоғамдық-саяси қызметі: отандық және шетелдік тәжірибе	6101
1409.	Kussainova Adel	Comparison of crime programs on tv different countries	6104
1410.	Озенбаева Назым Тукибаевна	Журналистика путешествий: история возникновения и этапы становления	6107
1411.	Қабдрашев Біржан Жарқынұлы	Қарулы қақтығыс аймағындағы журналистің рөлі мен қауіпсіздігі: Ресей мен Украина жанжалы негізінде	6111
1412.	Akimbekova Dilyara	Practice – oriented approaches in teaching journalism: experience of universities in Poland and Kazakhstan	6114
1413.	Elubay Guldana	Interactive teaching methods in training future journalists: practices from Poland and Kazakhstan	6116

1414.	Ғаббас Г.Е.	Сұхбат алудың ерекшеліктері (Youtube әлеуметтік желісінің мысалы бойынша)	6120
1415.	Мулькаман Назерке	«Threads» жаңа әлеуметтік желісінде отандық және шетелдік бақ-тың белсенділігі: салыстырмалы контент-талдау	6125
1416.	Серикова К.Т.	Қазақстан мен Ресей байланысы: ақпараттық кеңістіктегі ықпалдастықты арттырудағы өзекті мәселелер	6128
1417.	Шанжархан Зейін Әмірханұлы	Интернет журналистика негіздері: трендтер, аудитория, платформалар	6133
1418.	Сәдуақас Шаттық Серікқалиқызы	Әлеуметтік медиадағы Edutainment Қазақстандағы танымдық контент жасаудың жаңа моделі	6137
1419.	Жамботырова Айнеля Ербулатовна	Цифрлық дәуірдегі жаңалық тарату: дәстүрлі телевизияның бәсекеге бейімделуі	6142
1420.	Жұмағали К.С.	«Хабар» телеарнасында ақпараттық саясатты көрсету ерекшеліктері мен проблемалары (2015–2024 жылдар бойынша)	6147
1421.	Асилбек Жансая Турсунқызы	Журналистер мен алгоритмдер: жасанды интеллектің редакциялық процестер мен аудиторияның сеніміне әсері	6149
1422.	Сұлтан Ажар	Имидж және бедел: жеке тұлғаларға арналған имидж қалыптастыру стратегиялары	6151
1423.	Бекен Алем Куатұлы	Жасанды интеллект және big data технологияларының цифрлық журналистикадағы рөлі	6154
1424.	Ахметова Дильназ	Қазіргі медиадағы трансформация	6156
1425.	Жарбосинова Акмарал Наурызбайқызы	Әлеуметтік медиаданың жаңа механизмдері, алгоритмдік сүзгілердің қоғамдық пікірге ықпалы	6159
1426.	Кенжеқара Әспет	Цифрлық медиадағы отандық pr және жарнама	6162

1427.	Алтай Іңкәр	Медиадағы манипуляция және оның қоғамға әсері	6164
1428.	Молдахметова Камила Қалдыбекқызы	Желтоқсан көтерілісінің тарихи маңызы мен саяси бағасы	6168
1429.	Бошанова Әсел Ербуланқызы	БАҚ-тағы медиа-инновациялардың дамуы	6169
1430.	Ментай Аяжан	Қазіргі журналистика: дәстүр сабақтастығы және трансформация жолдары	6173
1431.	Берік Д.Б.	Қазіргі тележурналистикадағы қазақ тілінің тілдік нормалары: жаңалықтарда қолданылу мәселелері	6176
1432.	Кеңшілікова Еркеназ Ғабитқызы	Журналистиканың дамуы: дәстүр мен трансформация	6181
1433.	Дәлкенқызы Перизат	Цифрлық трансформация және дәстүрлі БАҚ: қазақстандық медианың жаңа бағыты	6182
1434.	Манафья Шұғыла Бақытқызы	Салааралық журналистиканың даму үрдістері мен трансформациясы	6185
1435.	Байұзақ Ұлданай	Отандық мультфильмдердің тәрбиелік аспектілері	6189
1436.	Толкынбекова Дильназ	Киноаударма теориясы мен оның түрлері	6193
1437.	Ералханқызы Би-Фатима	Израиль-Палестина қақтығысы жағдайындағы бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі	6194
1438.	Dildabek Gaini Ibragimova Akbota	Youtube as a second screen: the digital adaptation of kazakhstan tv channels	6198
1439.	Қожатай Аяжан	Сот журналистикасы: отандық және шетелдік тәжірибе	6202
1440.	Құрманалы Дариға Дәулетқызы	Цифрлы медиа мен дезинформацияның қоғамдық санаға әсері	6204
1441.	Марданманова Әмина	Телеертегілердің бала тәрбиесіне ықпалы	6208
1442.	Арғын Томирис Дамирқызы	Этикалық мәселелер және журналистиканың жауапкершілігі	6210

1443.	Одылова Мафтуна	Влияние цифровизации на распространение феминистского дискурса: социальные сети и онлайн-платформы	6214
1444.	Шардарбек Аружан	Фактчек жасау және оның маңызы	6219
1445.	Kussainova Adel	Image of journalists and tv hosts covering criminal topics on television	6223
1446.	Серікова Құралай	Қазақстан мен Ресей ынтымақтастығы: БАҚ перспективасына көзқарас	6229

9.8-секция

МЕДИА ЖӘНЕ БАСПА ИНДУСТРИЯСЫ: ЖАҢАНДЫҚ ТРЕНДТЕР МЕН ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

МЕДИА И ИЗДАТЕЛЬСКАЯ ИНДУСТРИЯ: ГЛОБАЛЬНЫЕ ТРЕНДЫ И НАЦИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ

1447.	Сансызбаев Н.Д.	Цифрлық дәуірдегі баспа: кітап шығару, оқу мәдениетін қалыптастырудағы мәселелер	6232
1448.	Сугурова Салтанат Базарбаевна	Қазақстандағы ауыл шаруашылығындағы суды үнемдеудің БАҚ-тағы көрінісі	6234
1449.	Narzullayeva Mukhayyo Iftikhor qizi Allambergenova Perkhan Kudaybergenovna	Theory and practice in journalism education	6237
1450.	Джумахметов Жігер Мейрамбекұлы	Дизайн трендтерінің эволюциясы және олардың жарнама стратегияларына ықпалы	6240
1451.	Нұрайлым Байзакеш	Қазақтілді балалар басылымдары: қалыптасу тарихы мен даму болашағы	6243
1452.	Қуанышқызы Ақниет	Медиадағы тактильді дизайн: жаңа тіл	6246
1453.	Келесова Жұлдыз Бақытжановна	О некоторых тенденциях в книгоиздании переводной Зарубежной литературы на казахском языке	6248
1454.	Маличкина Елизавета Андреевна	Перспективы цифрового книгоиздания в Казахстане	6251
1455.	Бекен Ильяс Ерғалыұлы	Верстка и дизайн важный фактор привлечения аудитории к печатным изданиям	6253

1456.	Шарапиева Рысалды	Интерактивті баспа өнімдері: заманауи білім мен медианың жаңа белесі	6257
1457.	Нургалиев Мади Еркатович	Использование ритма и звуковых эффектов	6260
1458.	Мұхитқызы Диана	Қазақ кітабының эволюциясы: көне қазақ кітаптарындағы иллюстрация (каллиграфия) өнері	6264
1459.	Амангелдина Данажан	Эпистолярлық мәтіндердің ғылымдағы орны	6269
1460.	Бейсенбай Диана	«Мазмұндама» баспасының заманауи жобалары	6272
1461.	Талғатқызы Адина	«Steppe and world» баспасының аударма кітап шығарудағы іс-тәжірибесі	6275
1462.	Тулегенова Аяулым	Шетел классиктерін қазақ тіліне аудару: мәдениетаралық диалог және әдебиеттегі аударма мәселелері	6278
1463.	Какен Мейірім	Ауғанстандағы билік ауысуы және оның халықаралық медиадағы көрінісі	6281
1464.	Жанатова Асем	Қазақ әндерінің әлеуметтік медиада насихатталуы	6286
1465.	Гантумур Армангүл	«Гейткипер» теориясы және медиа манипуляция	6289
1466.	Мұқанбай Ділнәз	Қытай мен АҚШ арасындағы ақпараттық соғыс	6293
1467.	Хамзина М. А.	Взаимодействие современных издательств и социальных сетей	6296
1468.	Ермаханова Ә.Б	Влияние социальных медиа на рекламу фильмов и роль издательских платформ	6300
1469.	Қожатай Аяжан Мустафақызы	Ақпарат дәуіріндегі технологиялық соғыс - жаңа саяси құрал ретінде	6304

СЕКЦИЯ 10

ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫ

АУҒАНСТАНДАҒЫ БИЛІК АУЫСУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕДИАДАҒЫ КӨРІНІСІ

Какен Мейірім

meyirim.kaken05@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Журналистика және әлеуметтік ғылымдар факультетінің 3-курс студенті
Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Г.Ш. Әшірбекова

Ауғанстан – соңғы жарты ғасырда тұрақсыздықпен, соғыс пен саяси дағдарыспен сипатталатын мемлекеттердің бірі. 2021 жылғы билік ауысуы – бұл ел тарихындағы ғана емес, бүкіл әлемдік саясаттағы айрықша оқиға. Бұл өзгеріс тек саяси басқару құрылымының ауысуы ғана емес, сондай-ақ халықаралық қауымдастық үшін геосаяси қауіпсіздік, гуманитарлық дағдарыс және ақпараттық ағындардың қалыптасуы мәселесін де туындатты.

Халықаралық медиа ұйымдары бұл оқиғаны нақты, жедел әрі кең көлемде таратып, жаһандық аудиторияның назарын аударды. Ақпарат құралдары Талибан қозғалысының билікке келу жолын, АҚШ әскерінің елден кетуін, азаматтық халықтың реакциясын және әйелдер мен балалардың құқықтарын шектеу мәселелерін егжей-тегжейлі баяндады. Осы бөлімде біз 2021 жылғы Ауғанстандағы билік ауысуының алғышарттарын, оның жүзеге асу үдерісін және халықаралық медианың бұл процеске ықпалын ғылыми тұрғыда талдаймыз.

Ауғанстандағы билік тұрақсыздығы – кездейсоқ құбылыс емес. Ол бірнеше тарихи, саяси, діни, этникалық және геосаяси факторлардың тоғысуынан туындаған күрделі құбылыс. Елдің қазіргі саяси ахуалын терең түсіну үшін XX–XXI ғасырлардағы негізгі кезеңдерге тоқталу қажет.

XX ғасырдың ортасынан бастап саяси тұрақсыздықтың басталуы

- 1926 жылы Әмір Аманулла хан Ауғанстанда монархия орнатып, елді реформалау әрекетін жасады. Алайда, реформалар дәстүрлі діни топтардың қарсылығына ұшырап, оны тақтан кетуге мәжбүр етті.

- 1973 жылы Мұхаммед Дауд Хан төңкеріс жасап, корольдікті жойып, республика жариялады.

- 1978 жылғы Саур төңкерісі – Кеңес Одағына бейім социалистік режимнің орнауына әкелді. Бұл режим халыққа жат идеология енгізіп, ауылдық аймақтарда қарсылық туғызды.

Кеңес интервенциясы мен азаматтық соғыстың салдары

- 1979–1989 жж. – Кеңес әскерінің Ауғанстанға енгізілуі мен оған қарсы моджахедтердің соғысы елді онжылдық қарулы қақтығысқа алып келді. Кеңестік интервенцияны АҚШ, Пәкістан, Сауд Арабиясы сынды елдер моджахедтерді қолдап, геосаяси ойынның бір бөлігіне айналдырды.

- 1989 жылдан кейінгі кезең – Кеңес әскері шыққаннан кейін елде моджахедтік топтар арасында азаматтық соғыс өршіді. Нәтижесінде, мемлекеттік институттар күйреп, бейбіт тұрғындар зардап шекті.

Талибан қозғалысының пайда болуы және билікке келуі

- 1994 жылы Пәкістан шекарасына жақын аймақтарда Талибан қозғалысы пайда болды. Қозғалыс өзін "қауіпсіздік пен тәртіп орнатушы" күш ретінде көрсетті.

- 1996–2001 жж. – Талибан Ауғанстан астанасы Кабулды басып алып, елдің көп бөлігінде өз билігін орнатты. Әйелдердің құқығы шектелді, шарифат заңдары қатал түрде енгізілді.

2001 жылғы АҚШ интервенциясы және демократиялық жүйе орнату әрекеттері

- 2001 жылғы 11 қыркүйек оқиғаларынан кейін, АҚШ Ауғанстанда терроризмге қарсы операция бастады. НАТО коалициясы қолдауымен Талибан биліктен шеттетілді.

Ауғанстандағы 2021 жылғы билік ауысуы халықаралық қоғамдастықты, әсіресе Батыс елдерін есеңгіретіп тастаған тарихи оқиға болды. Бұл тек әскери немесе саяси тұрғыдағы өзгеріс емес, сонымен қатар гуманитарлық, ақпараттық және мәдени салаларда да елеулі салдар әкелді. Биліктің мұндай жылдам ауысуының бірнеше астарлы себебі және даму кезеңдері бар.

Себептері:

1. АҚШ пен НАТО күштерінің елден шығарылуы

- Доха келісімі (2020 ж.): АҚШ пен Талибан арасында жасалған бұл келісім бойынша, АҚШ әскері 2021 жылдың соңына дейін елден шығарылуға тиіс болды. Алайда келісімге Ауған үкіметі қатыспаған, бұл оның беделін одан әрі әлсіретті.

- Президент Джо Байденнің шешімі: 2021 жылы АҚШ-тың жаңа президенті Дж. Байден Дональд Трамптың Доха келісімі бойынша басталған әскер шығаруды жалғастыру туралы шешім қабылдады. Бұл шешім Талибанға саяси және моральдық артықшылық берді.

2. Ауған үкіметінің ішкі әлсіздігі

- Ашраф Ғани үкіметі халық арасында беделден айырылды. Мемлекеттік аппарат жемқорлыққа белшесінен батты, шенеуніктер халықтың сенімін ақтамады.

- Әскерилердің жалақысының кешіктірілуі, жабдықтардың жетіспеуі, ынтаның төмендеуі – Талибанмен қақтығыстар кезінде армияның көп жерлерде беріліп кетуіне себеп болды.

3. Талибанның стратегиялық және ақпараттық артықшылығы

- Соңғы жылдары Талибан ақпараттық технологияны тиімді пайдаланды. Олар WhatsApp, Telegram, Twitter және басқа да платформалар арқылы үндеу таратып, қарсыластарды қорқытып, өздерін "реформаланған" күш ретінде көрсетті.

- Кейбір өңірлерде Талибан тұрғындарға қауіпсіздік, әділет және шариғаттық тәртіп орнатуға уәде беріп, үкіметке қарағанда сенімді нұсқа ретінде қабылдана бастады.

4. Халықаралық қолдаудың әлсіреуі

- НАТО миссиясы мен БҰҰ-ның гуманитарлық көмектері елдің негізгі тірегі болғанымен, кейінгі жылдары бұл қолдаулар қысқартылып, азаматтық сектор дағдарысқа ұшырады.

- Еуропа елдері мен АҚШ-тағы қоғам Таяу Шығыстағы ұзақ соғыстардан шаршағандықтан, Ауғанстандағы тұрақтылық мәселесі сыртқы саясатта екінші орынға ығыстырылды.

5. Ауған халқының үмітінің үзілуі

- Елдің көптеген азаматтары болашақта тұрақтылық орнайды деген сенімін жоғалтты. Бұл Талибанға қарсылық көрсетпеуге, кейде тіпті бейбіт жолмен берілуге итермеледі.

- Әсіресе жастар мен білім алған әйелдер арасында елден қашу үрдісі белең алды. Көпшілігі Батыс елдеріне эвакуациялануға тырысты.

Кезеңдері

1. Әскери шығу кезеңі (2020 ж. соңынан – 2021 ж. шілде)

АҚШ пен НАТО елдері әскери базаларды біртіндеп жаба бастады. Бұл кезеңде Талибан елдің оңтүстігі мен шығысындағы ауылдық аудандарды басып алды.

2. Қалалар мен провинциялардың құлауы (2021 ж. шілде – тамыз)

- Тамыз айының алғашқы күндерінде-ақ Талибан ондаған провинциялық орталықты басып алды.

- 10 күн ішінде 34 провинцияның барлығы дерлік Талибанның бақылауына өтті.

- Үкімет күштері қарсылық көрсете алмады, көп жағдайда келісім арқылы билікті берді.

3. Кабулдың құлауы (2021 ж. 15 тамыз)

- Президент Ашраф Ғани ешқандай қарсылық көрсетпей, шетелге қашып кетті.

- Кабулда хаос орын алды. АҚШ пен НАТО елдері дипломатиялық персонал мен жергілікті серіктестерін эвакуациялауға көшті.

- Халықаралық әуежайда мыңдаған адам ұшаққа мініп кетуге тырысты. Бұл тарихи кадрлар халықаралық БАҚ арқылы бүкіл әлемге тарады.

Талдау барысында көп әлем елдерінің бұқаралық ақпарат құралдары өз мемлекеттерінің Талибанға қатысты ресми ұстанымдарын қолдайтыны анықталды. Мысал ретінде, Пәкістанның Dawn газетіндегі материалдардың 46%-ы үкімет саясатына оң баға берген, Үндістанның The Hindu газетінде бұл көрсеткіш 55%-ды құраған. АҚШ-тың The New York Times басылымы 45% деңгейінде қолдау білдірсе, Ресейдің The Moscow Times газеті 70% көлемінде үкімет саясатын жақтады. Бұл нәтижелер БАҚ-тың өз үкіметтерінің сыртқы саяси ұстанымымен үйлесімді ақпарат таратуға бейім екенін көрсетеді. Талибанның әйелдер құқығы мен білім беру саласындағы саясатына қатысты сын пікірлер саны өте шектеулі болған.

The New York Times газеті 2021 жылдың 26 тамызында "Ауған соғысының нағыз жеңімпазы?" атты мақала жариялап, Пәкістанды Талибан қозғалысына қолдау көрсетті деп айыптады. Ал The Moscow Times газеті 2021 жылдың 17 тамызындағы "Ресей Кабулды «тұрақтандыруды», «Талибанды» «тәртіпті қалпына келтіруді» мақаласында Ресейдің Талибан билігін қолдағанын ашық көрсеткен. Бұл басылымдар әр елдің медиа кеңістігі өздерінің ұлттық мүдделеріне сәйкес жұмыс істейтінін дәлелдейді.

The Moscow Times зерттеу барысында Ресей үкіметінің Талибанға қатысты тұрақты қолдауын білдірді. Ал The Hindu газеті бастапқыда Үндістанның ресми бағытын қолдап, кейін сын пікірлер айтып, ақырында қайтадан қолдау көрсетуге бет бұрған.

"The Hindu" газетінде жарияланған "Талибанмен байланыс орнату қажет, бірақ түзетулермен" атты мақалада Талибан қозғалысы "жақсы" және "жаман" топтарға бөлініп сипатталған. Онда Үндістан үшін Талибанның қауіп төндіретін күш екені айтылып, келіссөз жүргізу қажеттігі көрсетілген. Бұл мақала The Hindu басылымының қауіпсіздік мәселелерінде Үндістан үкіметінің ресми көзқарасын толықтай қолдайтынын айқын көрсетеді.

Dawn (Пәкістан) Жаңалық саны: 93

Бағыты: Үкімет саясатын қолдайды (46%)

Сын түрі: негізінен тактикалық, мазмұнды сын аз (19%)

Ақпарат көзі: көп жағдайда ресми (әскери, үкімет өкілдері)

Фрейминг әдісі бойынша талдасақ, мақалада «Ауғанстан — бауырлас ел» деген тіркестер арқылы Талибан билігіне қатысты жұмсарған, позитивті көзқарас қалыптастырылған. Бұл "жақындастық фреймі" – Талибанға қарсы емес, елмен байланысқа басымдық беру. Мысалы, тақырыптар: "Талибан адам құқығын сақтайды деп сенеміз", "Талибан білімге тыйым салмайды – Құрейши". Талибанның әрекетін жұмсартып көрсету, үкімет ұстанымын оңтайлы көрсету. Dawn-да көбінесе Пәкістан үкіметінің көзқарасы мен ресми мәлімдемелері бірінші орынға шығады. Бұл медианың мемлекеттік саясатқа бағынышты фреймін көрсетеді.

Прайминг әдісі бойынша талдасақ, Талибан реформаланған деген ойды алға шығару: Мысалы, мақалаларда: "Талибан қыздарға білім алуға рұқсат береді", "Жалпы рақымшылық жарияланды" деген мазмұндар басым. Бұл оқырманға Талибан жайлы жұмсақ көзқарас қалыптастыруды көздейді. Жарияланған мақалалардың 81%-ы тактикалық сынмен шектелген (мысалы, Талибанға емес, АҚШ-тың шегіну процесіндегі логистикасын сынау). Бұл нақты саяси көзқарастарға қарсы пікірлерді прайминг арқылы шектеу тәсілі. Зерттеулерге сәйкес, 2013 жылдың наурызынан 2014 жылдың ақпанына дейінгі кезеңде Dawn газеті Талибанды негізінен "жау" ретінде бейнелеген. 130 редакциялық мақаланың 91,5%-ында Талибанға теріс көзқарас танытылған, ал тек 8,5%-ы бейтарап немесе оң көзқараста болған

Түйін: Dawn газеті Талибан билігінің Пәкістан үшін мүмкіндіктерін және аймақтағы тұрақтылықты жақтайтын сыңайда жазған.

The Hindu (Үндістан) Жаңалық саны: 74

Бағыты: Үкімет саясатын қолдайды (55%)

Сын түрі: өте аз мазмұнды сын, көбіне тактикалық сын

Ақпарат көзі: ресми және ұлттық қауіпсіздікке байланысты

Фрейминг әдісі

Мақалаларда Талибан Үндістанға қауіп төндіретін күш ретінде бейнеленеді. Мысалы: "Талибан Үндістан үшін қауіп төндіреді", "Пәкістан Талибанға қолдау көрсетуде". Бұл фрейм арқылы оқырманда қорқыныш пен сақтық сезімі қалыптастырылады.

Талибанның билікке келуінен кейінгі әйелдер құқығының шектелуі, азаматтық қоғамға қысым сияқты тақырыптар жиі қозғалады. Талибанды адам құқықтарына қауіп төндіруші ретінде көрсету. Үндістан үкіметінің эвакуация әрекеттері мен сыртқы саяси стратегиясы оң тұрғыдан көрсетіледі. Бұл ұлттық бірлік және жауапты мемлекет фреймі. Мақалаларда "қатты билік", "қарулы қозғалыс", "террорлық элементтермен байланыс" деген ұғымдар жиі қолданылған. Оқырман Талибан туралы теріс, қауіпті бейне қалыптастырады.

Талибан өздерін жаңарған қозғалыс ретінде көрсеткенімен, мақалада олардың іс-әрекеттері нақты фактілермен теріске шығарылады. Бұл оқырманды скептицизмге итермелейді.

The Hindu газеті Талибанды қауіп көзі, адам құқықтарын бұзушы, және аймақтағы тұрақсыздықтың себепкері ретінде фреймдеген. Оқырманды алдын ала негативті қабылдауға итермелеу — праймингтің айқын көрінісі. Бұл газет Үндістан үкіметінің сыртқы саясатын қолдай отырып, ұлттық қауіпсіздік дискурсымен жұмыс істейді.

The New York Times (АҚШ) Жаңалық саны: 66

Бағыты: Аралас – 45% қолдайды, 36% қарсы

Сын түрі: Салыстырмалы түрде көп мазмұнды сын (31%)

Ақпарат көзі: ресми, шетелдік, тәуелсіз дереккөздер жиі

Мақалаларда Талибан билігінің орнауы әйелдердің құқықтарын шектеу, босқындар дағдарысы, азаматтардың қорқынышы сияқты гуманитарлық салдарға ерекше назар аударады. Адам құқықтары мен бостандықтарының бұзылуын алдыңғы орынға шығару. АҚШ-тың Ауғанстаннан шегінуі — "стратегиялық қате", "әскери және моральдық сәтсіздік" ретінде көрсетіледі. АҚШ-тың сыртқы саясаты сынға алынады, бірақ терең мазмұнды емес, тактикалық тұрғыдан. Кабул әуежайындағы эвакуация, азаматтардың дүрбелеңі — бейбіт тұрғындардың күйзелісі ретінде беріледі. Аудиторияда эмоциялық әсер қалыптастыру. Мақалалар АҚШ-тың Ауғанстандағы 20 жылдық миссиясының нәтиже бермегенін, сенім дағдарысын тудырғанын ерекше атап өтеді. Оқырманды АҚШ-тың сыртқы саясатына күмәнмен қарауға итермелейді. Талибан "реформаландық" дегенімен, мақалада олардың бұрынғы әдістерге қайта оралатыны жиі ескертіледі. Бұл пікірді нақтылау үшін "Талибан әйелдерді жұмысқа жібермеді", "қатаң ережелер қайтып келді" сияқты деректер қолданылады.

The New York Times газеті Талибанды гуманитарлық дағдарыстың себебі, ал АҚШ-тың шегінуін стратегиялық және моральдық қателік ретінде көрсетеді. Бұл – эмоциялық әсерге негізделген фрейминг пен прайминг, сонымен қатар аудиторияны Талибанға сенбеу, АҚШ саясатынан түңілу бағытына бейімдеу тәсілі.

The Moscow Times (Ресей) мақалаларда Талибан билікке келген соң елде "тәртіп пен тұрақтылық орнай бастады" деген пікірлер жиі қайталаынады. Мысалы: "Талибан қоғамдық тәртіпті қалпына келтіріп жатыр", "Кабулда жағдай тұрақты" Бұл Талибанды позитивті тұрғыда көрсету фреймі.

Газет Ресей үкіметінің Талибанмен дипломатиялық қатынасын бейтарап не оң тұрғыда сипаттайды. Бұл "үкімет саясатын қолдаушы фрейм", яғни медианың мемлекеттік ұстанымға жақындығын көрсетеді. АҚШ пен НАТО-ның Ауғанстандағы әрекеттері жиі қателік, сәтсіздік, араласу ретінде сипатталады. Бұл Батысты сынға алу фреймі, Ресейдің сыртқы саяси дискурсына сай келеді. Талибанмен келісу — прагматикалық таңдау. Мақалалар оқырманды Талибанды жаңа геосаяси шындық ретінде қабылдауға итермелейді. Көп мақалада эмоциялық жүктеме аз, ақпарат технократиялық-дипломатиялық стильде ұсынылады. Ресейдің Талибанмен ерте байланыс орнатуы, елшілік ашуы, қауіпсіздікке басымдық беруі — жауапты және салмақты сыртқы саясаттың белгісі ретінде көрсетіледі. Оқырман санасына Ресей — тұрақтылық пен тепе-теңдік сақтаушы күш деген ұғым қалыптастырылады. The Moscow Times газеті Талибанды жаңа билік иесі ретінде бейтарап не оң көзқараспен, ал Батысты араласушы,

сәтсіз ойыншы ретінде фреймдейді. Бұл Ресейдің сыртқы саясатына үндес ақпараттық-психологиялық прайминг құралына айналған.

Зерттеу қорытындысы бойынша, барлық төрт газет Талибанға қатысты өз елдерінің сыртқы саясатын қолдаған. Бұл медиа мен үкімет арасындағы байланысты және медианың саясатты насихаттаудағы рөлін көрсетеді. Индекс теориясы аясында, медианың үкімет элиталарына тәуелділігі, әсіресе соғыс пен дағдарыс кезінде айқын көрінеді.

2003 жылғы зерттеулер CNN мен Al Jazeera арналарының ақпарат таратуында елеулі айырмашылықтар бар екенін көрсетті. CNN жаһандық аудиторияға бағытталып, бейтарап немесе АҚШ-қа қолайлы риториканы ұстанса, Al Jazeera гуманитарлық мәселелерге, әсіресе Ауған халқының жағдайына көбірек көңіл бөлді. Сонымен қатар, Al Jazeera АҚШ-тың Ирактағы әрекеттерін теріс қабылдануға тырысты.

CNN Ауғанстандағы билік ауысуын АҚШ интервенциясының сәтсіздігі ретінде көрсетті. Хабарламалар негізінен эвакуация кезіндегі хаос, әйелдер құқығы және шегіну стратегиясының қателіктеріне бағытталды.

The Washington Post Талибанның билікке келуі елде дәстүрлі құрылымның қайта орнауына қауіп төндіретінін жазды. Алайда соңғы жылдары азаматтық қоғам, әйелдердің белсенділігі және ақпараттық технологиялар айтарлықтай дамығандықтан, Талибанға бұрынғыдай тәртіп орнату қиын екенін болжауда.

Қорытындылай келе, 2021 жылғы Ауғанстандағы билік ауысуы тек саяси трансформация ғана емес, сонымен қатар ақпараттық кеңістіктегі өзгерістер мен медиа ықпалының жаңа белесін айқындаған жаһандық құбылыс болды. Бұл оқиға арқылы халықаралық медиа құрылымдарының жаһандық саяси процестерге белсенді түрде араласатыны, тіпті олардың кейде саяси ойыншылардың деңгейіне көтерілетіні дәлелденді.

Аталған жағдайда дәстүрлі халықаралық БАҚ оқиғаны әртүрлі саяси және мәдени тұрғыдан бағалап, әр аудиторияға арналған мазмұн ұсынып отырды. Бұл олардың тек жаңалық таратушы ғана емес, ақпарат арқылы идеологиялық бағыт ұсынушы рөлін атқарып отырғанын көрсетті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Entman, R. M. (1993). Framing: Toward Clarification of a Fractured Paradigm. *Journal of Communication*, 43(4), 51–58.
2. Hallin, D. C., & Mancini, P. (2004). *Comparing Media Systems: Three Models of Media and Politics*. Cambridge University Press.
3. McCombs, M., & Shaw, D. L. (1972). The Agenda-Setting Function of Mass Media. *Public Opinion Quarterly*, 36(2), 176–187.
4. Iyengar, S., & Kinder, D. R. (1987). *News that Matters: Television and American Opinion*. University of Chicago Press.
5. Wolfsfeld, G. (2004). *Media and the Path to Peace*. Cambridge University Press.
6. Ahmed, Z. S., & Bhatnagar, A. (2015). Framing Taliban: A Comparative Media Analysis of Pakistani and Indian Newspapers. *South Asian Studies*, 30(1), 213–230.
7. Shaheen, A. (2022). Taliban and the Media Narrative in South Asia: An Analysis of Pakistan and India's Print Media. *Media Watch*, 13(2), 145–160.
8. Dawn News (2021–2022). Coverage of the Taliban Regime. www.dawn.com
9. The Hindu (2021–2022). Reports on Afghanistan and Taliban. www.thehindu.com
10. The New York Times (2021–2022). Taliban Takeover Coverage. www.nytimes.com
11. The Moscow Times (2021–2022). Articles on Russia's Foreign Policy Towards Taliban. www.themoscowtimes.com
12. Al Jazeera (2003–2022). Coverage of U.S. Operations in Afghanistan and Iraq. www.aljazeera.com
13. CNN (2003–2022). Global War on Terror Reporting. www.cnn.com

ӘОЖ 070:316.472.4:784.4

ҚАЗАҚ ӘНДЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИАДА НАСИХАТТАЛУЫ

Жанатова Асем

asemkazhanatova@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Журналистика және саясаттану
факультетінің 3-курс студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Г.Ш. Әшірбекова

Музыка — адамзаттың ең көне әрі қуатты рухани құралдарының бірі. Ал қазақ халқы үшін ән — тек өнер емес, өмірдің айнасы, тарихтың үні, рухтың тамыры. Әнмен ел мұңын мұңдап, қуанышын жырлаған, ата-бабаларымыздың жүрегінен шыққан үн ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа ауысып келеді.

XXI ғасырда жаңа технологиялар мен әлеуметтік медиа құралдарының пайда болуы ұлттық өнерге тың тыныс берді. Қазақ әндері интернет арқылы бүкіл әлемге таралып, жастар арасында жаңа сипатта жаңғыруда. Бұл баяндамада қазақ музыкасының тарихи қалыптасуы, дәстүрлі, классикалық және эстрадалық кезеңдері, сондай-ақ медиакөністіктегі насихат ерекшеліктері мен жеке шығармашылық мысал қарастырылады.

Қазақтың дәстүрлі музыкасы — ұлттың генетикалық жадын сақтаушы рухани мұра. Бұл салада жыраулар мен сал-серілердің еңбегі орасан. Жыраулық поэзияда жыр, терме, толғау арқылы халықтың арман-тілегі, әлеуметтік мәселелері, батырлық пен адамгершілік идеялары насихатталды.

Сал-серілік өнерді жалғастырған Ақан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырай сынды тұлғалар тек әнші емес, композитор әрі ақын ретінде танылды. Олардың шығармаларында табиғатқа махаббат, сүйіспеншілік, еркіндік пен сұлулыққа құштарлық көрініс тапты. Бұл әндер көбіне дара дауысқа арналған, акапелла стилінде орындалатын, әуені кең тынысты болып келеді.

Дәстүрлі әннің ерекше сипаты — әр аймақтың өз стилінің болуы (Сыр бойы мақамы, Арқа ән мектебі, Батыс күйлері мен термелері). Бұл ерекшеліктер бүгінгі күнге дейін сақталып келеді және этномузыка зерттеушілерінің қызығушылығын тудыруда.

Кеңестік кезең қазақ музыкасына жаңа сипат әкелді. Музыкалық білім беру мекемелері ашылып, қазақ өнері еуропалық музыкамен үндесе бастады. Ахмет Жұбановтың, Латиф Хамидидің, Евгений Брусиловскийдің еңбегімен қазақтың тұңғыш операсы, симфониясы, оркестрлік шығармалары дүниеге келді. 1925 жылы Парижде өткен «Бүкіл дүниежүзі сән өнері» көрмесінде Әміре Қашаубаев «Ағаш аяқ», «Бес қарагер», «Үш дос», «Қосбалапан» сияқты әндерді орындап, қазақ ән өнерін шет ел тыңдармандарына паш етті. Оның орындау шеберлігіне еуропалық музыкалық сыншылар таңданып, көптеген басылымдар жоғары баға берді. Бұл — қазақтың ұлттық өнерінің халықаралық деңгейде алғаш мойындалуы еді.

«Қыз Жібек», «Абай» сынды опералар арқылы ұлттық музыка халықаралық деңгейге шықты. Ән жанры да күрделене түсті. Қазақ халық әндері кәсіби орындау мен ноталық жазбаға көшті. Қазақтың классикалық ән мұрасын насихаттауда Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова, Ермек Серкебаев, Нұрғали Нүсіпжанов сияқты дауысы кең, техникасы жоғары әншілердің орны ерекше. Бұл кезеңде музыка идеологиялық құрал ретінде де қолданылды, алайда соның өзінде халықтың рух жойылған жоқ.

1970-жылдардан бастап эстрадалық музыка дами бастады. Бұл кезеңде «Дос-Мұқасан», «Айгүл», «Гүлдер» ансамбльдері қазақ әнін жаңа стильде ұсына отырып, тыңдарманның жүрегіне жол таба білді. Қазақ тілі мен ұлттық сазды сақтау негізгі талап ретінде қарастырылды.